



## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

### АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты Абай Құнанбайұлының туған күніне орай 2022 жылдың 10 тамызында өтетін **«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ»** атты үшінші халықаралық ғылыми (офлайн-онлайн) конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияға қазақстандық әдебиеттанушылар, ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, докторанттар, магистранттар және БАҚ өкілдері қатысады. Сондай-ақ конференция жұмысына Дж. Вашингтон университеті жанындағы Abai Center қазақ мәдениеті орталығы (АҚШ) және ҚазҰУ-дың әл-Фараби кітапханасы шақырылады.

Конференция мақсаты – қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін заманауи ғылыми парадигмалар тұрғысынан қарастыру. Конференцияда қарастырылатын мәселелер:

- Абайдың шығармашылық тұлғасы және тағылымы;
- Абайдың шығармашылық мұрасының ерекшелігі;
- Абай ілімінің негізгі ұстанымдарын саралау;
- Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімінің қазіргі руханияттағы орны мен маңызы.

Конференция 2022 жылдың 10 тамызында сағат 17.00-де әл-Фараби кітапханасының 409-залында өтеді. Онлайн байланыс «Zoom» платформасында басталады. Сілтеме қосымша хабарланады.

Байланыс телефондары:

8701 270 18 68 (Ләйла Жұматайқызы);

8747 896 74 79 (Бибігүл Дәулетқызы).

Материалдар 2022 жылдың 9 тамызына дейін қабылданады. Мақалаларды мына электронды мекенжайға жіберу қажет: [Abaigzikonf@gmail.com](mailto:Abaigzikonf@gmail.com)  
Конференция материалдарын электронды жинақ ретінде шығару жоспарланған. Жинаққа Халықаралық кітапханалық стандартты нөмірі (ISBN) беріледі.

## Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Материалдар электронды нұсқада Abaigzikonf@gmail.com поштасына қабылданады. Файл «Microsoft Office Word» форматында сақталып, автордың аты-жөнімен аталуы тиіс.
2. **Автордың аты-жөні, тегі, қызмет орны, ғылыми атағы, елі** (шрифт Times New Roman, жартылай қою, курсив, 14-кегль) беттің жоғарғы оң жақ бұрышына орналастырылуы қажет.
3. **Мақаланың атауы** (шрифт Times New Roman, жартылай қою, 14 кегль) – беттің ортасында.

Негізгі мәтін **Times New Roman (14 кегль)** қарпімен **бір жоларалық** интервал арқылы орындалады (үлгіні қараңыз). **Негізгі мәтіннің абзацтық шегінісі** – 1,5; **теңестіру** – ені бойынша; мәтіндегі **тасымалды орналастыру** – автоматты түрде.

4. **Әдебиеттер тізімі** – негізгі мәтіннен кейін (шрифт Times New Roman (12 кегль)
5. Әдебиетке **сілтеме** тік жақшаға алынады және сөйлем соңында әдебиеттер тізімінен алынған дереккөздің нөмірі, сондай-ақ беттің нөмірі тұрады.
6. **Автор туралы мәліметтер** мәтіннің соңында көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты (толық); қаласы; жұмыс орны және лауазымы; ғылыми дәрежесі және атағы; студент, магистрант, докторанттар оқу орнын, курсы, факультетті немесе кафедраны көрсетеді.
7. Материалдардың көлемі 6 беттен аспауы тиіс.

Конференция тақырыбына сәйкес келмейтін, сондай-ақ редакциялаудан өтпеген материалдар жинаққа қосылмайды.